

Сот жүйесіндегі электронды технологиялар

Азаматтар мен судьялар үшін тиімді

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» бағдарламасын орындау мақсатында дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін әлемдік стандарттарға сай болуымыз керек. Соның бірі электронды басқару жүйесіне көшу.

Электронды басқару жүйесінің елімізде қолданысқа енгізілгеніне бірнеше жыл болды. Соның нәтижесінде халық қаншама уақыты мен қаражатын үнемдеуде. ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының тапсырмасымен сот жүйесінде де бірнеше электронды сервистер енгізіліп, құжатайналымдары электронды түрде жүргізілуде.

Сот саласында заманауи технологияларды енгізу, сот төрелігінің халыққа жайлы әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін Жоғарғы Соттың «Сот кабинеті» сервисін қолданысқа енгізгеніне үш жылға жуық уақыт өтті. Осы мерзім аралығында бұл қызмет түрі өзінің тиімділігін, ыңғайлылығын дәлелдеді. «Сот органдарынан шығатын ресми

құжаттарды апостильдеу» мемлекеттік қызметін оңтайландыру мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде жаңа «апостильдеу» функционалын іске қосты. Электрондық цифрлық қолтаңбасы бар азамат кез-келген жерден апостиль қою туралы өтінішін электронды түрде жолдай алады.

«Сот кабинеті» сервисінде авторлану рәсімінен өткеннен кейін электронды құжаттарды беру сервисін пайдаланушылар сотқа талап арызбен, талапты қамтамасыз ету туралы арызбен, іске кірісуі туралы арызбен, сот отырысы хаттамасына ескертулермен, сот актілерінің көшірмелерін беру туралы арызбен; апелляциялық, кассациялық шағыммен, сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтінішпен, сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызбен және іс бойынша басқа да өтінішпен жүгіне алады.

Өтініш беруші өзі жолдаған өтінішінің қаралуы бойынша жеке кабинетіне келіп түсетін ақпараттар арқылы хабардар болады.

Қазіргі күні «Сот кабинеті» сервисін жетілдіру шаралары үнемі жүргізіліп тұрады. Мәселен, сервисінің мобильдік нұсқасы қолданысқа енді. Яғни кез-келген тарап, немесе өкіл өзіне керек

ақпаратты өзінің ұялы телефоны арқылы сервиске кіріп ақпарат ала алады. Сервисінің Сот кабинеті веб-нұсқасына қарағанда артықшылықтары бар. Пайдаланушыны тіркеу үрдісі үшін Сот кабинеті сервистерін қолдануға пайдаланушы келісіміне алдын ала қол қойып, пайдаланушының ЖСН және ұялы телефон нөмірін көрсету жеткілікті.

Бұл сот өндірісін жеңілдетіп, қағазбастылықты азайтуға, электронды сот ісін жүргізуді дамытуға арналған маңызды қадам. Мобильдік қосымша барлық смартфондар мен гаджеттерге тегін көшіріледі. Енді кез келген азамат әлемнің қай түкпірінде жүрсе де, өзіне қатысты сот процесінен хабардар болады.

«Сот кабинеті» веб-нұсқасымен «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» қосымшасында келесі сервистер үйлестірілген: жаңалықтар - осы сервис Қазақстан Республикасы Сот жүйесінің жаңалықтарын хронологиялық тәртіпте ертерек жарияланғандарынан бастап кейінгілеріне қарай көруге мүмкіндік береді. Істерді қарау тізімдері - осы сервис нақты сот органы бойынша таңдап алу мүмкіндігімен тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты онлайн режимде табуға

болады. Тапсырылған құжаттар – бұл пайдаланушысына мобильдік қондырғыға жүктеу мүмкіндігімен сот органдарына Сот кабинеті веб-сервисі арқылы жолданған барлық құжаттарды көруге мүмкіндік береді. Хабарлаулар бөлімінде пайдаланушы сот органдарына берген сот құжаттарының мәртебесін бақылап отыра алады. Сот процесі қатысушыларының күнтізбесі қосымшасы күнтізбеге оқиғаларды қосуға, сондай-ақ сіз процеске қатысушысы болып табылатын сот отырыстары туралы мәліметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, сервис адвокаттың басқа соттарда жұмыспен қамтылуын ескеру, сондай-ақ адвокаттың (қатысушының) басқа сот процесіне қатысуға байланысты сот қарауын кейінге қалдыру туралы өтінішінің негізділігін тексеруге мүмкіндік туғызады. Жіберуді күтуде деп аталатын сервис сіз қол қоймаған және сот органына жібермеген өтініштер туралы ақпаратты қамтиды. Чат - пайдаланушыларына мәтіндік хабарламалармен алмасуға мүмкіндік береді.

**Әбдіжәми ҚҰЛДУЙСЕНОВ,
Қостанай облысы соттар әкімшісінің
басшысы**

Пробация қызметіне байланысты

Қазақстан пробациясына Құқық бұзушылар тәуекелдерін бағалау жүйесі құралына байланысты пилоттық жоба қолданысқа кіреді.

Елбасы жариялаған 5 институттық реформаны іске асыруға бағытталған Ұлт жоспарының 33-қадамы «Бас бостандығын айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне (пробация) тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыптастыруды» көздейді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, қазіргі кезде «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша пробация қызметін дербес, жеке институт ретінде бөліп шығару бағытында жұмыс жүргізілуде. Бұл бас бостандығын айыру орындарынан босап шыққан азаматтарды әлеуметтік оңалту, оларды жұмысқа орналастыру мәселелерін және тұрмыстық проблемаларын шешу шараларын жүйелі негізде іске асыруға мүмкіндік береді.

Осы пробация қызметіне байланысты 2017 жылдың 6-8 қараша күндері Астана қаласында EUCJ жоба шеңберінде өткен құқық бұзушылар тәуекелдерін бағалау жүйесі құралдарын әзірлеуге ІІО-да әлеуметтік жұмыстарды ұйымдастыру кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры К. Туретаев және мен іссапарға барып келдім.

Құқық бұзушылар тәуекелдерін бағалау жүйесі құралының басты мақсаты қылмысқа айыптылар арасында қылмысты қайталаушылықты болдырмауға және оларға әлеуметтік, заңгерлік және психологиялық қолдау мәселелері бойынша кеңес беруге бағытталған функцияларын ұйымдастыру болып табылады. Құқық бұзушылар тәуекелдерін бағалау жүйесі құралына байланысты пилоттық жобаны ұйымдастыруға еуропалық одақтың мүшелері, атап айтқанда, Ұлыбританиялық сарапшылар мен ҚАЖК-ң, Астана, Қарағанды қаласының пробация саласындағы қызметкерлері, сонымен қатар Қостанай академиясының қызметкерлері өз үлестерін қосты.

Бұл пилоттық жоба Англияның «OASys» жүйесіне сүйене, бірақ Қазақстан пробациясының мәселерін ескере отырып жасалды. Енді осы пилоттық жоба Астана және Қарағанды қаласындағы пробацияның «үкім шыққаннан кейінгі» және «бостандыққа шыққаннан кейінгі» екі моделіне байланысты қолданылады. Аталған пилоттық жобаның нәтижесі 2018 жылдың ақпан-наурыз айларында белгілі болмақ.

Болашақта Қазақстанда пробацияның 4 моделі де толыққанды іске қосылып және осы «Құқық бұзушылар тәуекелдерін бағалау жүйесінің құралы» пилоттық жобасы өз жемісті нәтижесін береді деген жарқын үміттеміз.

**Н. ТУРСУМБАЕВА,
ҚР ІІМ академиясының
Педагогика және психология
кафедрасының оқытушысы
полиция аға лейтенанты**

Дөңгелек үстелде қаралды

Қостанай гарнизонының әскери прокуратурасы 2017 жылдың 7 қарашасында әскери бөлім командирлерінің, мекеме басшыларының, заңгерлердің қатысуларымен дөңгелек үстел өткізді.

Аталған жиында Қостанай облысының Қорғаныс істер жөніндегі департаментінде әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыздандыру мәселелері бойынша қолданыстағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде әңгіме көтерілді. Өрине, көтеріліп отырған мәселенің маңыздылығы айқын. Сондықтан да қолданыстағы заңнамаға қазіргі заманға сай келетін шарттардың енгізілуі қажет. Дөңгелек үстелге қатысушылар осы тұрғыда өздерін толғандырып жүрген жайларын ортаға салды.

**Б. АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны
әскери прокуратурасының
аға прокуроры әділет майоры**



Кәсіби бағдар беру жұмысы

2017 жылғы қазан айының 26-29 аралығында менің басшылығыммен Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы күндізгі оқыту факультетінің 3-курс курсанттары Троян Г., Мырзатаева К., Тулеуова Қ. кәсіби бағдар жұмысын жүргізу мақсатында Қостанай облысының Арқалық қаласына сапарға шықтық.

Кәсіби бағдар жұмысы Арқалық қаласының білім беру ұйымдарының 10,11-ші сынып оқушыларына және колледж студенттері арасында жүргізілді.

Насихат жұмысы барысында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына кадрларды



даярлайтын бірден бір таңдаулы оқу орны - Қазақстан Республикасының ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тарихы, ғылым мен білім, спорт саласындағы жетістіктері жөнінде толық ақпарат беріліп, Академияда құқық қолдану практикасының барлық саласына, құқық қорғау жүйесінің білікті мамандарға сұранысына сәйкес мамандарды даярлайтыны жөнінде және оқуға түсу талаптары мен ІІО қызмет ету барысы туралы түсіндіріліп, кәсіби бағдар жұмысы жүргізілді.

Онда ІІМ арнайы әскери оқу орнында білім алу артықшылықтары мен жұмыспен қамтылуы, ІІО қызметкерлеріне берілетін жеңілдіктері жайлы айтылды.

Сонымен қоса, Академия туралы түсірілген бейнефильм назарларына ұсынылды. Кәсіби бағдар беру жұмысы барысында оқушылардың біздің оқу орнымызға деген қызығушылығы оянып, құжаттарды рәсімдеу барысы, бейіндік пән таңдау, нормативтер турасында сұрақтар қойылды.

Оқушылар мен студенттер Академиямызда оқып жүрген курсанттарды, яғни жерлестерін көріп, ведомстволық оқу орнымызға деген қызығушылықтары арта түсті және олар да өз кезегінде Қазақстан Республикасының ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясына оқуға түсуге бел байлап, дайындалатындары жөнінде айтты.

Кәсіби бағдар жұмысына 10,11-ші сынып оқушылары және колледж студенттерін қосқанда 400-ден астам жастар тартылды.

**Г. ЕДРЕСОВА,
ҚР ІІМ академиясының
магистратура
аға оқытушы-әдіскері
полиция майоры**

Сот жүйесі төрелігін көтеру.

Азаматтардың құқықтарын қорғау

Мемлекет басшысы жариялаған бес институционалдық реформаның орындалу тетігі «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарында көрсетілген он бір бағыты сот жүйесін дамытуға арналды.



Онда сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ашықтық пен жариялылық, соттардың кәсіби біліктілігін арттыру, сот залдарын жүз пайыз дыбыс-бейнежазба құралдарымен қамтамасыз ету, алқабилер сотының ауқымын кеңейту және басқа да маңызды мәселелер қамтылған. Сот сатыларын мейлінше азайту арқылы азаматтарды әуре-сарсаңға салмай, сот әділдігіне қолжетімділікті арттыру мақсатында 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап еліміздің соттары үш сатылы жүйе бойынша жұмыс істеуге көшкен болатын. Сөйтіп, сотқа түскен істердің көпшілігі жергілікті соттарда түпкілікті шешімін табуға. Осылайша, қазіргі таңда елімізде Жоғарғы Сот, облыстық сот, аудандық және оған теңестірілген соттар мен мамандандырылған соттар жұмыс жасайды.

Сотқа арыз беру, ішкі, сыртқы құжат айналымының қағазбастылықтан барлығы біртіндеп электронды жүйеге көшуде. Сот отырыстарының ашықтығы мен жариялылығы, сот шешімдерінің қолжетімділігі сот төрелігін жүзеге асырудағы негізгі талаптардың бірі.

Қазіргі уақытта сотқа интернет арқылы арыз беріп, тіпті сот процесіне қашықтан-ақ қатысуға болады. Бұдан өзге де электронды сервистер сот корпусында кеңінен қолданылуда. Барлық процестер дыбыс-бейне жазбаларға жазылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес - сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Барлық мемлекеттік органдар мен олардың жауапты тұлғалары, заңды және жеке тұлғалар сот шешімдері мен талаптарын жүзеге асыруға тиіс. Бұзылған құқықты қорғау үшін үкімет билігі немесе басқару органына өтініш жасау, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, құқық қорғау туралы талап қойып сотқа жолдануға кедергі жасамайды. Заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде азаматтық қорғау құқығы бұзылған адамның тікелей іс-жүзіндегі немесе заңдық әрекеттерімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының міндетті субъектілері: бір тараптан - сот, екінші тараптан процеске қатысушылар болып есептеледі. Сонымен

бірге азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуы, өзгертілуі, тоқтатылуы іске қатысушы тұлғаның ерік білдіруіне байланысты. Құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін осы қатынастарға қатысушылардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін айқындайтын құқық субъектілігі болуы керек.

Азаматтық процесс - бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі, әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады.

Азаматтық іс жүргізудің құқық қабілеттілігі - бұл іс жүргізу құқықтары мен іс жүргізу міндеттеріне ие болу қабілеттілігі. Ол азаматтар мен ұйымдардың бәрі үшін бір деңгейде танылады және азаматтардың туған сәтінен басталып, қайтыс болған сәтінде бітеді. Ұйымдар да тіркелген сәтінен басталып, таралған сәтінде тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізудің әрекет қабілеттілігі - бұл өз әрекеттері арқылы өз құқықтарын жүзеге асыру және сотта міндеттерін орындау, істі жүргізуді өкіліне тапсыру, жауапкершілікті дербес алып жүру қабілеті.

Іс жүргізу әрекет қабілеттілігіне толық көлемде 18 жасқа толған азаматтар, сондай-ақ егер неке жасы белгіленген тәртіпте төмендетілсе, 18 жасқа толмай неке құрған адамдар ие болады. Сотта 14 және 18 жас аралығындағы кәмелеттік жасқа толмағандардың, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері олардың заңды өкілдері, яғни ата-аналары, асырап алушылары немесе қорғаушылары арқылы қорғалады.

Іске қатысушы адамдар - тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар.

Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал

пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Талапкер мен жауапкер процестің тараптары болып табылады, олар құқық туралы дауларын сотта шешетін адамдар. Талапкер - өз мүддесін немесе мүддесі көзделіп талап қойылған азамат немесе заңды тұлға. Талапкердің құқықтары мен заңды мүдделері бойынша сот дауы пайда болып, ол сотпен шешіледі.

Іске қатысушы тұлғалардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқығы бар. Олар өздеріне берілген барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануға тиіс.

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші - бірінші сатыдағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдануға; әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға;

мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттың қарауына қатысуға; өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауына құқығы бар.

А. СҰЛТАНОВА,
Қостанай облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Мерекеге орай салтанатты жиын өтті

Милицияның құрылғанына 100 жыл толуына орай Амангелді аудандық ІІБ-де ІІБ жеке құрамының және зейнеткерлердің қатысуымен 2017 жылдың 9 қарашасы күні салтанатты жиын болып өтті.

Милиция ардагерлерін құттықтаған Амангелді аудандық ІІБ бастығы полиция подполковнигі М.Сарбозов милиция ардагерлері аңтқа берік, өздерінің күрделі қызметін абыроймен атқарғандарын және жас қызметкердің қалыптасуына үлес қосып жүргендерін атап құттықтады.

Милицияның құрылғанына 100 жыл толуына орай арнайы медальдармен К.Кульмановты, Ш.Қозбақовты, Б.Молдашевты, Б.Аубакировты, А.Каржауовты, Қ.Маямировты, Ж.Шошаковты марапаттады.

Амангелді аудандық ІІБ

Пайда табуды көздеген еді...

Қостанайда “Жасыл ел” жасағы филалының бұрынғы басшысына қатысты сот үкімі шықты.

Қостанай қалалық №2 сотында 16 млн. теңгеден астам қаражатқа алаяқтық жасады деп айыпталған “Жасыл ел” жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабының Қостанай облысы бойынша филиалының басшысы 1989 жылы туған Қайрат Әбдіхалықовқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты.

Іс материалдары бойынша, 2014-2015 жылдар аралығында Әбдіхалықов алдын ала дайындалған жоспарға сай достары мен таныстарының көмегімен жастарды еңбекке орналастыру бойынша құрылған «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасынан пайда табуды көздеген. Жеке кәсіпкерлермен келіскен олар өзге тұлғаларды олардың кәсіпорындарына тиісті құжаттарды рәсімдеусіз жұмысқа орналастырған және формальды «Жасыл ел» жасағына қабылдаған.

Айыпталушылар жұмыс уақытын белгілейтін табельдерді жалған толтырып, Қостанай аумағын көгалдандыру бойынша жасақтардың атқарған жұмысының ауқымы туралы жалған мәліметтер жазылған актілер жасаған. Осы құжаттар негізінде бухгалтер еңбек ақыларына қосымша үстемәкі жасау туралы төлем ведомстваларын жасаған. Барлық жалған мәліметтер «Жасыл ел» республикалық штабына қаражат төленуі үшін қолданылып, ал бөлінген сома талан-таражға түсіп отырған.

Әбдіхалықовтың сыбайластары Қостанайда сот үкімімен түрлі жазаға кесіліп, екеуі жазадан босатылған. Барлық ұрпаңанақшаны сотталушылар тергеу кезінде мемлекеттік қазынаға қайтарған.

Сот үкімімен Қ.Әбдіхалықовқа мүлкін тәркілеп, 5 жылға бас бостандығынан айыру, өмір бойына ұйымдық-өкімдік қызметтермен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалды.

“Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық туралы” ҚР Заңының 2-бабы 4-бөлігіне сәйкес нақты 3 жыл 9 ай мерзімге бас бостандығынан айыруға және мүлкін тәркілеп, өмір бойына ұйымдық-өкімдік қызметтермен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ. Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы және ұжымы, полиция подполковнигі Нұрбек Жайланұлына өкесі
Темірғалиев Жайлан Темірғалиұлының кенеттен қайтыс болуына байланысты, оның отбасы мен жақын-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Теміржол бойында кездесу өткізілді

Ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» акциясы шеңберінде 2017 жылғы 13 қарашада «Қостанай-Арқалық» бағытындағы № 621/622 жолаушылар поезында жолаушылармен кездесу өткізілді.

Аталған іс-шараны Қостанай станциясындағы ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов, АЖҚҚАБТ-ның инспекторы полиция аға лейтенанты С. Давыдов «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының заң кеңесшісі М. Урдабаевпен бірге өткізді. Олар іс-шара барысында аталған жолаушылар поезының әрбір вагонына кіру арқылы жолаушылармен әңгіме жүргізді.

«Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының заң кеңесшісі М. Урдабаев «ҚТЖ «ҰК» АҚ жолаушылар поездарымен жүру және

қызмет көрсету деңгейіне қатысты сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, поезд ішінде «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының сенім телефондары бар ақпараттық буклеттері ілінді.

Жол жүру барысында жолаушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, онда жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтаныс азаматтарға сенім артпау және келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру жасақтарына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес беріліп, Қазақстан Республикасы аумағына келетін шетел азаматтарына қатысты көші-қон заңнамасымен ұсынылатын негізгі талаптар түсіндіріліп, жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді.

Қостанай ст. ІІЖБ Әкімшілік полиция бөлімшесі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru